



Исабеков Тайшыман

1920 жылы Торғай өлкесі, Албарбөгет ауылы, Тентексай қыстағында дүниеге келді. Алғашқы әскери даярлық және дене тәрбиесі мұғалімі мамандығын бітіріп, Амангелді орта мектебінде ұстаз болып еңбек еткен. 1942 жылы өз еркімен әскерге алынып Тамбов қаласында екі ай офицерлік курста оқып, гвардия кіші лейтенанты атағын алады. Оқу жаттығуда мамандығын шыңдап, соғыс тәсілдерін қолдануда шебер болған. Алғашқы ұрыста II Украина майданында, мергендер ротасында, кейін барлаушылар бөлімше командирі болып сайланады. Киев, Вена, Прага, Будапешт қалаларындағы ұрыстарда болып, 3 рет жараланып, госпитальда жатып емделіп, қайтадан ұрысқа кіреді. Ерліктері үшін өз атына жазылған маузері, қылышы бар. «Қызыл Жұлдыз», «Отан соғысы» ордендерімен, «Будапештті алғаны үшін», «Ерлігі үшін» және мерекелік медальдармен марапатталған. Әскери шені-барлау ротасының Гвардия капитаны болған. 1949 жылы Қостанай қаласында Орта Азиялық күрес чемпионатында чемпион атанды. Жаңа ауыл, аудан мектептерінде дене тәрбиесінен сабақ берді. Осы саланы дамытудағы ерен еңбегін ел қазір де бағалайды. 1995 жылы аудан орталығындағы стадионға Т.Исабеков есімі беріліп, алдына бюсті орнатылды.





